

«Жасыл» қаржыландыру

«Жасыл» қаржыландыру құралдарын дамыту — Қор Стратегиясының басым міндеттерінің бірі және ол Қордың Төмен көміртекті даму тұжырымдамасымен, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Жасыл» қаржыландыру саласындағы саясатымен реттеледі.

Біз тартылатын капитал Топтың ұзақ мерзімді дамуына бағытталатын және инфрақұрылымды дамытуды, энергиямен жабдықтаудың сенімділігін арттыруды және қоршаған ортаға әсерді азайтуды қоса алғанда, нақты нәтижелерге қол жеткізумен қоса жүретін жүйені құрып жатырмыз.

2025 жылы инвестициялық портфельдегі «жасыл» және төмен көміртекті қаржыландыру үлесі 14%-ды құрады, ал айналыстағы облигациялардың жалпы көлеміндегі «жасыл» облигациялар үлесі — 2,4%.

2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Astana International Exchange биржасында айналым мерзімі 6,5 жыл және ставкасы 11,4% болатын 18,4 млрд теңге сомасына «жасыл» облигациялар орналастырды. Тартылған қаражат Шардара ГЭС-ін жаңғыртуға бағытталды, бұл оның жұмыс сенімділігін арттыруға және апаттық жағдайлар санын азайтуға мүмкіндік берді.

Біз сондай-ақ халықаралық нарықтардағы позицияларымызды нығайтудамыз. Көлемі 1,25 млрд юань Dim Sum форматындағы облигацияларды орналастыру және панда-бондтар бағдарламасын тіркеу азиялық институционалдық инвесторлардың кең тобына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ Тұрақты қаржыландырудың халықаралық рамалық тұжырымдамасы (Sustainable Financing Framework) аясында шығарылған облигацияларға 15 млн АҚШ доллары инвестициялады, бұл тұрақты қаржыландыруды тартып қана қоймай, оның жаһандық деңгейдегі қатысушысы ретінде де көрінуге мүмкіндік береді.

Қосымша құрал — I-REC (International Renewable Energy Certificate) жаңартылатын энергия сертификаттары, олар жаңартылатын көздерден электр энергиясын өндіруді растайды және халықаралық стандарттарға (GHGP, CDP, RE100, ISO және т.б.) сәйкес келеді. Сертификаттарды пайдалану сатып алушыларға парниктік газдар шығарындыларын 2-қамту аясында ескеруге, ал өндірушілерге қосымша қаржыландыру тартуға мүмкіндік береді. 2025 жылы «Samruk-Green Energy» ЖШС сертификаттарды АХҚО алаңында сатып алып, өткізді, ал «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ бұл құралды корпоративтік есептілік аясында жанама шығарындыларды басқару үшін қолданды.



18,4 млрд ₸

«Самрук-Энерго» АҚ-ның 2021 жылы Astana International Exchange алаңында шығарылған «жасыл» облигациялар көлемі мерзімі 6,5 жыл, мөлшерлемесі 11,4%

1,25 млрд ¥

Dim Sum облигацияларының көлемі

15 млн \$

«Қазатомпром» ҰАТ» АҚ «Sustainable Financing Framework» шеңберінде шығарылған облигацияларға инвестиция салды

I-REC

АХҚО алаңында I-REC жаңартылатын энергия сертификаттары сатып алынып іске асырылды